



Құрметті құрылыс саласының қызметкерлері!

Құрылысшылар күні – кәсіби мерекелер ішіндегі маңыздысы, әрі құрметтісі.

Бұл мереке – сәулетшіліктің абыройлы мақсатын орындап жүрген көптеген кәсіп иелеріне қатысты мейрам. Бүгінгі таңдағы заманауи құрылысқа аса қажетті мамандықтар – сәулетшілер, дизайнерлер, прорабтар, тас қалаушылар барлығын тізіп айту мүмкін емес.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жүктеген міндеттер мен тапсырмаларды мүлтіксіз орындауда бұл саланың маңызы өте зор. Бұл саладағы тиімділіктер ел дамуы мен адамдардың өмір сүру деңгейін анықтауға ауқымды тұрғыда ықпал етеді. Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген табыстары мен жетістіктеріне ел құрылысшыларының қосқан үлесі өлшеусіз.

Ойлағандарды іске асыру үшін тек жоғары кәсіби біліктілік пен тынымсыз еңбек ғана емес, сонымен қатар, өз істеріңізге шынайы ынта мен ықылас қажет. Осының барлығы қазақстандық құрылысшылардың бойында бар екендігіне нық сенімдіміз.

Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз, тәжірибелеріңіз, жауапкершіліктеріңіз, өз істеріңізге адал ниеттеріңіз – алдымызға қойылған жоғары міндеттерді шешудің кепілі.

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Орталарыңыз бен айналарыңыз мейірім мен сұлулыққа толып, еңбек ету мен өмір сүруге барынша қолайлылық бола берсін!

Сіздерге және Сіздердің жақындарыңызға мықты денсаулық, бақыт, амандық және еңбекте табыс тілейміз.

Тілектес Досаев,
Қаражал қаласының әкімі.

Замзагүл Оспанова,
қалалық мәслихат хатшысы.

Уважаемые работники строительной отрасли!

День строителя – один из важных и уважаемых профессиональных праздников.

Это праздник людей многих профессий, связанных с почетной миссией зодчего. Архитекторы, дизайнеры, прорабы, каменщики, отделочники – невозможно перечислить все специальности, востребованные в современном строительстве.

От состояния отрасли во многом зависит решение тех задач, которые ставит Президент страны Касым-Жомарт Токаев. Ее эффективностью во многом определяется уровень развития республики, качество жизни людей. И строители страны внесли свой весомый вклад в те достижения, которых добился Казахстан за годы независимости.

Чтобы осуществить задуманное, от всех нас потребуется не только высокий профессионализм и кропотливый труд, но и искренний энтузиазм создателей, любовь к своему делу. И мы уверены, все это у казахстанских строителей есть.

Именно Ваш профессионализм, опыт, ответственность, добросовестное отношение к своему делу являются гарантией решения поставленных перед нами высоких задач.

От всей души поздравляем вас с профессиональным праздником! Пусть все, что вы сооружаете, будет добротным и красивым, удобным для жизни и работы.

Желаем Вам и Вашим близким крепкого здоровья, счастья, благополучия, дальнейших успехов в труде.

Тлектес Досаев,
аким города Каражал.

Замзагуль Оспанова,
секретарь городского маслихата.



Облыс әкімдігінде

КҮН ТӘРТІБІНДЕ – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР



Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Дүйсенбі күні облысы әкімі Берік ӘБДІҒАЛИҰЛЫ кезекті аппарат жиынын өткізді. Онда халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және Ұлттық жобалар шеңберінде жұмыс орындарын құру шаралары туралы мәселе қаралды. Жиында сондай-ақ, 2022-2023 жылғы жылыту маусымына дайындық жұмыстарының барысы, білім беру ошақтарының алдағы оқу жылына әзірлік ахуалы, қатерлі індеттің таралуына тосқауыл қою талаптары зерделенді. Аймақ басшысы бұл мәселелердің аса маңыздылығын айрықша атап өтті.

2-бет.

Билік пен бұқара

ОБЛЫС ӘКІМІ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ



Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Бейсенбі күні облыс әкімі Берік ӘБДІҒАЛИҰЛЫ тұрғындарды жеке сауалдары бойынша қабылдап, өтініштері мен ұсыныстарына құлақ түрді. Азаматтардың пікірлерін ой елегінен өткерген өңір басшысы кейбір мәселелерді жердел шешуді орынбасарлары мен жауапты мамандарға жүктеді.

Қабылдауда Жезқазған қаласының тұрғыны Игібай Шалов жеке басының емес, елдің қамымен жүргенін жеткізді. Ақсақалдың айтуынша, бүгінде «күріш арқасында су ішетін күрмектер» көбейіп кеткен. Яғни, ауылдағы шаруа қожалықтарының өнімін алысатарлар арзанға алып, екі-үш есе қымбатқа сатып жатыр. Делдалдарға тосқауыл қойып, тауар өндіруші өз өнімін тұтынушыға тікелей ұсынуы керек. Осы мақсатта ақсақал «Ұлытау кластері» жобасын жасапты.

– Бұл жобаны ауыл шаруашылығы министрлігіне де ұсындым. Олар қолдап отыр. Ұлытау, Жаңаарқада аудан әкімдерімен, шаруа қожалығы иелерімен сөйлесіп, жоба жайлы айттым. Олар да қызығушылық танытты. Жобаны қолға алып, кірісуге де әзір, – деді Игібай Шалұлы.

Ұсынысты мұқият тыңдаған аймақ басшысы бірінші орынбасары Аман Барекенов пен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Қайрат Мутаевқа жобамен жете танысып, іске асыруға болатын тетіктерін негізге алуды тапсырды.

Ал, «Қазақмыс» корпорациясына қарасты Шығыс Жезқазған кенішінің жұмыскері Бауыржан Тасембетов басшылар тарапынан қудаланып, жұмыссыз қалғанын жеткізді.

Ол Ресейдің Курган қаласында ота жасатқан әкесін алып қайту үшін өтініш жазып, ақысыз демалыс алған. Үш-төрт күн жол жүріп, әкесін алып келеді. Алайда, өтініште көрсеткен күндерден қате кетуі себепті, жұмыстан шығарылған.

Бұл мәселеге орай, облыс басшысы облыстық еңбек инспекциясы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Кеңгірбай Смағұловқа істің ақ-қарасын анықтап, шешуді тапсырды.

Облыс әкімінің қабылдауына келгендердің арасында өңір басшысының жеке қабылдауын өтіңгендер де болды. Олардың өтініштері қанағаттандырылады. Қабылдауға жазылғандардың енді бірі аймақ басшысына ақжарма тілегін айту үшін келгенін жеткізді.

Қабылдау емен-жарқын жағдайда өтті.

Баспасөз мәслихаты

Аптаның басында Ұлытау облысы өңірлік коммуникациялар қызметінде Ұлытау облысы білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Сапура ТӨЛЕКОВА «Жаңа оқу жылына дайындық барысы» тақырыбында баспасөз мәслихатын өткізді.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Сапура Сейдуәлиқызының айтуынша, облыстың білім беру ұйымдарында алдағы оқу жылына дайындық жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілуде. Оқу жылы 1 қыркүйекте басталады, оның ұзақтығы 1-сыныптарда 35 аптаны, 2-11 сыныптарда 36 аптаны құрайды. 2022 жылдың 1 қыркүйегінде 1-сыныпқа 4 305 оқушы барады және 106 жас маман жұмысқа кіріседі.

– Қазіргі таңда облыста 87 жалпы орта білім беру ұйымы бар. Оларда 4 000-ға жуық педагог қызмет етеді. Сонымен қатар, 149 мектепалды даярлық тобында 2 927 бала тәрбие алып жатыр.

Дегенмен, мектептерде 158 педагог қажеттілігі туындап отыр. Ең көп қажеттілік – Жезқазған, Сәтбаев қалаларында. Облыс бойынша мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиешілеріне, математика, тарих, орыс тілі мен әдебиеті, химия, физика және орыс тілінде оқытатын бастауыш сынып мұғалімдеріне сұраныс бар. Қазіргі уақытта мектептер бос жұмыс орындарына конкурстар жариялады, – деді басқарма басшысының міндетін атқарушы өз баяндамасында.

Брифингте өңірдегі арнайы білім беру, кәсіптік білім беру және мектептен тыс білім беру мекемелерінің

БИЫЛ 4 305 БАЛА, 106 ЖАС МАМАН мектеп табалдырығын алғаш рет аттайды



жайы да кеңінен сөз болды. Мәселен, бүгінгі күні облыста 4 арнайы білім беру ұйымы бар екен. Оның екеуі – облыс орталығында, екеуі – қалалар мен аудандарда. Бұларда жылына мың жарымдай балаға психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қызметі көрсетіледі. Психологиялық-педагогикалық коррекциялық кабинеттерде бір кезеңде 200-ден артық балаға қолдау көрсетіледі. Арнайы білім беру мекемелеріндегі педагогтер саны – 39. Мұның сыртында, жалпы орта білім беру ұйымдарындағы 29 арнайы сыныпта – 184 оқушы, 259 инклюзивті сыныпта 380 оқушы білім алуа.

– Ұлытау облысы аумағында 14 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы бар. Колледждерде 4 959 студент білім алады. Барлық студенттер контингентінің 65,5%-ын техникалық бағыттағы мамандықта оқитын студенттер құрайды (гуманитарлық мамандықта – 673 студент, қызмет

көрсету саласында – 274, медицина саласында – 237, өнер саласында – 192, құрылыс саласында – 174, экономика саласында – 87, ауылшаруашылық саласында – 73). 25 студент инклюзивті білім бағдарламасымен қамтылады.

Биыл 168 студентті жатақханамен қамту көзделіп отыр. Қазіргі таңда қосымша жатақхана салуға қажеттілік жоқ, 3 колледждің жатақханасында жөндеу жұмыстары жүргізіледі (Жезқазған тау-кен және металлургия колледжіне бюджетте қарастырылған, Жезқазған гуманитарлық колледжі мен Жезқазған жоғарғы политехникалық колледжіне қажетті қаражат нақтылауға ұсынылады). Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы педагогтер саны 474-ті құрайды. 2022-2023 оқу жылына жергілікті және республикалық бюджет есебінен сұранысқа ие мамандықтар бойынша 1 723 орынға мемлекеттік білім беру

тапсырысы бөлінді. Оның 1 443-і жергілікті бюджеттен, 280-і республикалық бюджеттен қаржыландырылады (педагогика – 175, медицина – 145, инженерлік, өңдеу және құрылыс – 950 (оның ішінде 595-і жұмысшы мамандығы), өнер – 174, әлеуметтік қызмет – 29, кәсіпкерлік – 40, АКТ-75, қызмет көрсету – 90, қауіпсіздік – 20, көлік қызметі – 110).

Өңірде жұмыс істейтін 10 қосымша білім беру ұйымында (оқушылар сарайы, оқушылар үйі – 4, музыка, өнер мектептері – 6), 10 397 оқушы (30%) қамтылған. Қосымша білім беру ұйымдарында 301 педагог қызмет етеді, – деді Сапура Төлекова.

Брифингте сондай-ақ, мектептердің дайындығы, жөндеу жұмыстарының барысы да айтылды. Жаңа оқу жылында Жаңаарқа ауданында 464 орындық бір мектеп пайдалануға берілмек. Жалпы, облыс көлемінде 5 мектепте 688,6 млн. теңгеге күрделі жөндеу жұмысы жүргізілуде. Атап айтқанда, Қаражал қаласындағы №3 және №7 мектептер мен Ұлытау ауданындағы №7 және №10 мектептердегі күрделі жөндеу жұмысы жоспарға сәйкес 25 тамызға дейін аяқталады. Ал, Жезқазғандағы Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейдің күрделі жөндеу жұмысын 31 тамызға дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Облыстағы мектептердің 45-і орталықтандырылған жүйе арқылы, 58-і автономды жылыту жүйесі арқылы жылытылады екен. Осыған байланысты алдағы жылу беру маусымына қажетті көмірдің мөлшері – 13 202 тоннаны құрайды. Қазіргі уақытта көмірді тасымалдау бойынша келісімшарттар жасалған.

Сапура Төлекова брифингте облыста атаулы әлеуметтік көмек алатын және әлеуметтік қолдауды қажет ететін басқа да санаттағы отбасылар жайлы да ақпарат берді. Оның айтуынша, бүгінгі күні өңірде 3 311 оқушы осы санатқа жататыны анықталып, жалпы оқу қоры есебінен 99,2 млн. теңге бөлу жоспарланған. «Биыл жалпы оқу қорын игеруді монетизация арқылы іске асыру қарастырылуда, яғни, қаражат ата-анаға беріледі» деді Сапура Сейдуәлиқызы.

Брифингте белгілі болғанындай, Жезқазған, Қаражал қалалары мен Жаңаарқа ауданында 18 мектепте оқушыларды тасымалдау қарастырылған. Оның ішінде 4-і келісімшарт арқылы, 14-і білім беру ұйымдарының балансындағы көліктер арқылы жүзеге асырылуда.

Брифинг соңында облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Сапура Төлекова журналистер тарапынан қойылған сауалдарға байыпты жауап берді.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР

(Соңы. Басы 1-бетте).

Халықты жұмыспен қамту мәселесі бойынша Ұлытау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Зина Ақылбекова баяндады.

Жалпы, өңірде жұмыссыздық деңгейін төмендетуге ықпал ететін шаралар ішінде «Бірінші жұмыс орны», «Ұрпақтар шарты», зейнет алдындағы жастағыларға «Күміс жас», түлектерге арналған «Жастар тәжірибесі», қоғамдық жұмыстарға орналастыру, халықтың осал топтарына арналған әлеуметтік жұмыс орындары сияқты жобалар іске асырылып жатыр. Сондай-ақ, кәсіпкерлікті дамыту бойынша қайтарымсыз, арнайы гранттар бөлінеді. Оның жалпы сомасы – 300 млн. 174 мың теңге. Мұның 166-ы – халықтың осал топтарына, 79 грант жастарға арналған. Бұдан бөлек, облысымызда жастарға арналып өкім гранты да бөлінуде. Оның сомасы 100 млн. теңгені құрайды.

«Бұл шаралардың барлығы да жұмыссыздық деңгейін төмендетуге өзіндік үлесін қосыу тиіс» деп атап өтті облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлы.

Орайы көлгенде айта кетейік, жұмыспен қамтудың электронды биржасында 103 кәсіпорында 516 бос жұмыс орыны бар екен. Оның ішінде білім беру саласына – 94, денсаулық сақтау саласына – 15, техникалық салаға – 36, экономика саласына 15 орынға мамандар қажет.

Облыс әкімі аталған мәселені шешу үшін мамандарды тартудың тиімді тетіктерін қарастыруды тапсырды. «2021-2025 жылдарға арналған Кәсіпкерлікті дамыту» ұлттық жобасының елді мекендерде іске асуы осы бағыттағы жұмысты жандандыруды қажет етеді. «Күміс жас», «Ұрпақтар шарты», гранттар бөлу жобаларының орындалысы барлық қала, аудандарда тұралап тұр. Өңір басшысы әкімдерден халықтың әл-ауқатын арттыруға тікелей әсер ететін осындай жобалардың сапалы әрі тиімді орындалуын талап етті.

Ұлытау облысы энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Алмас Жандарбековтың ақпараты бойынша Ұлытау облысы аумағында 2022-2023 жылдардың жылу беру маусымына энергетикалық және коммуналдық

кәсіпорындарды дайындау жұмыстарына барлығы 21 млрд. теңге көлемінде қаржы бөлінген. Жөндеу шараларымен 124 жылу беру көзі, яғни, Жезқазған қаласында 1 жылу-электр орталығы, Сәтбаев қаласында 2 жылу станциясы және қалған қалалар мен аудандарда 121 жылу қазандықтарын дайындау жобасы қарастырылған. Басқарма басшысының мәліметінше, жылыту маусымына дайындық кестеге сай жүргізілу үстінде.

Аймақ басшысы аталған мәселеге жан-жақты қарап, барлық елді мекендердегі дайындық жұмыстарын арнайы жұмыс тобын құрып, көзбен көріп өту қажет екенін тапсырды.

Орайы келгенде айтып өтейік, биылғы жылы Жезқазған жылу-электр орталығында 2 қазандық пен 1 турбина күрделі жөндеуден өтеді, 1 қазандыққа кеңейтілген жөндеу, 4 қазандық пен 4 турбинаға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жыл соңына дейін Жезқазған жылу-электр орталығында бір қазандықты ауыстыру жоспарлануда.

Облыс әкімі 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап, Жезқазған қалалық жылумен, сумен

қамтамасыз ету кәсіпорыны әкімдік балансына өтетінін, соған орай, қала әкіміне дайындық шараларымен тікелей өзі айналысып, жөндеу жұмыстарының барысын қатаң бақылауға алуды тапсырды.

Жиында сондай-ақ, жылыту маусымына қажетті көмірмен қамтамасыз ету мәселесі де сөз

болды. Өңір басшысы бұл ретте көмірмен уақытылы қамтамасыз ету, сондай-ақ, күзгі сұраныс кезінде көмір тапшылығын болдырмау үшін қала және аудан әкімдеріне, облыстық денсаулық сақтау, білім беру, спорт, мәдениет және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының басшыларына 15 қыркүйекке дейін көмірді сатып алу және оны жеткізуге қатысты жұмыстарды тиянақты жүргізу туралы тапсырмалар берді.

Бұдан бөлек, тиісті салалық басқармалар басшыларының хабарламалары тыңдалып, мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу мен індетке қарсы қолға алынған шаралар тізбегі талқыланды, тиісінше, міндеттер аясы нақтыланды.

Қалалық мәслихатта

ТҰЖЫРЫМДЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНДЫ

Қаражал қалалық мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы Марлан ШАМБҰЛОВТЫҢ төрағалық етуімен мәслихаттың онлайн режимде өткен кезектен тыс XVIII сессиясында біршама маңызды сауалдар күн тәртібіне қойылып, талқыланды. Сессия жұмысына қала әкімінің орынбасары Досбол ҚҰЛЫМБЕТОВ қатысты.

Күн тәртібіне шығарылған сауалдар қатарында «Қаражал қалалық мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы №77 «2022-2024 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы», «Қаражал қалалық мәслихатының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №92 «2022-2024 жылдарға арналған Жәйрем және Шалғы кенттерінің бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы», «Қаражал қаласының басқару схемасын бекіту туралы», «Қаражал қаласы әкімінің жанындағы тұрғын үй комиссиясының құрамын бекіту туралы», «Қаражал қаласы Шалғы кентінің аумағында бөлек жергілікті

қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын бекіту туралы» және «Қаражал қалалық мәслихатының 2019 жылғы 10 қаңтардағы XXXI сессиясының №274 «Учаскелік сайлау комиссияларының жаңа құрамдарын сайлау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» мәселелер болды.

Аталған мәселелер бойынша тиісті салалық мемлекеттік құрылымдардың басшылары мен іске жауапты құзырлы мамандары және кенттер әкімдерінің хабарламалары тыңдалып, егжей-тегжейлі ескерілді.

Сессияда қарастырылған мәселелерге қатысты тұжырымды шешімдер қабылданды.

Өз тілшімізден.



Оқиғаға орайлас сұхбат



– Қайрат Амангелдіұлы, әңгімені өзіңіз басшылық етіп отырған кенттің жарты ғасырлық мерейтойынан бастасақ. 50 жылдыққа орай өңірде қандай жұмыстар қолға алынып жатыр?

– Қазақта «Той атымен тон тігіледі» деген әдемі сөз бар. Кентте бұған дейін де атқарылып жатқан жұмыс аз емес еді, торқалы той қарсаңында тіпті қыза түсті. Жәйремнің сәнін келтіріп, заман талабына сай көркейту мақсатында біраз жобалар қолға алынды. Алдымен жол жөндеуді қолға алдық. Бүгінгі таңда кенттің көптеген көшелеріндегі жолдар жаңғыртылуда. Мұның сыртында ойын алаңдары, демалыс алаңдары жаңғыртылып, көшелер жарықтандырылып жатыр.

Жалпы, Жәйрем кенті қазір өсіп-өркендеу үстінде. Өздеріңізге мәлім, өткен жылы өңірімізде Қазақстан бойынша үлкен полиметалл фабрикасы іске қосылды. Оған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы қатысып, өндіріс «түймесін» басып, іске қосты. Бұл, кентіміздің екінші тынысын ашты. Қазір кенттің де, елдің де ажары кіріп қалды.

Осы қуаныш бар және кентіміздің жарты ғасырлық мерейтойы бар, екеуін қосып үлкен мереке ретінде атап өтуді қолға алдық. Бұған елдің өзі ынталы. Екі жылдан бері пандемия әсерінен көңілі пәс тартқан халықтың көңілін осылай көтеріміз келді. Сөйтіп, көктем шыға тойға дайындықты бастап кеттік.

– Осы жұмыстарды тарқатып айтып өтсеңіз...

– Ең әуелі, мерейтойды атап өтуге байланысты нақты жұмыс жоспарын түздік. Оны бекітіп алып, іске кірістік. Сәуір айында кентіміздегі мәдени-сауық орталығында арнайы музей аштық. Оған кент тарихынан, өндірісі мен өсіп-өркендеу жолдарынан мағлұмат беретін жәдігерлер жинақталды. Әрине, елді мекенді құрып, қалыптастырған тұлғаларға да мұражайдан арнайы орын берілді. Музейді кент тұрғындары мен қонақтары, әсіресе, жас жеткіншектер қызыға тамашалауда.

Кенттің 50 жылдығына орай спорт жарыстары, түрлі додалар, байрақты бәсекелер өтіп жатыр. Мысалы, бокстан облыстық жарыс өтті. Оған еліміздегі былғары қолғап шеберлерінің бірі де бірегейі Біржан Жақыпов келіп, спортшыларға сәттілік тіледі.

Дәл осындай байрақты бәсеке дзюдо күресінен де өтті. Оған ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Дүйсен Тәжікеев қатысып, жарыстың тұсауын кесті. Мерейтойға орай, басқа да спорт сайыстары мен өнер байқаулары өтіп жатыр. Олар әлі жалғаса береді.

– Ерте көктемнен бастау алған мәдени-көпшілік шаралар мен спорт жарыстары қашан қортындыла-

Биыл Жәйрем кентінің құрылғанына 50 жыл толып отыр. Жаңа құрылған облысымыздағы өндірісті өңірдің мерейтойы қарсаңында біз кент әкімі Қайрат Жансағымовқа хабарласып, торқалы тойға әзірліктің жай-жапсары жайлы сұраған едік. Әрине, әкіммен әңгіме барысында кенттің бүгінгі тыныс-тіршілігі де тілге тиек болды...



Қайрат ЖАНСАҒЫМОВ,
Жәйрем кентінің әкімі:

«ТОЙ АТЫМЕН ТОН ТІГІЛЕДІ»

нады, яғни, кенттің «туған күнін» тойлау қай күнге белгіленді?

– Кенттің жарты ғасырлық тойы 10 қыркүйекте тойланады деген жоспарымыз бар. Бұл ас ішіп, аяқ босатар той емес. Қазақтың дәстүріне сай, ұлттық ат спорты түрлерімен астасатын той болады. Бұл күні тай жарыс, құнан жарыс, аламан бәйге, балуандар белдесуі өтіп, елдің делебесін қоздырады деп отырмыз. Осылайша, ұлттық ойындарды ұлықтамақпыз. Кешкісін жеңімпаздарды марапаттап, оның соңы үлкен мерекелік концертке ұласады.

– Жақсы екен. «Тойдың болғанынан боладысы қызық» деген осы. Десек те, той өтеді, қызығы басылады. Ал елдің әдеттегі тұрмысы мен тіршілігі жалғаса береді. Енді осы жағына ойысайық. Кент тұрғындарын баспанамен қамтамасыз ету бағытында қандай жоспарлар бар?

– Иә, бұл – маңызды әрі күрделі мәселе. Сөз басында айтып өткенімдей, өңірдегі өндіріс өрге басқан сайын, кенттің де келешегіне деген сенім ұлғая түсті. Сырттан жұмыс күштері келе бастады. Бұл өз кезегінде баспанаға деген сұранысты арттырды. Осы тығырықтан шығу үшін біз қолдағы бар барлық мүмкіндікті пайдалануға тырысып жатырмыз.

Жәйрем кентінде бос тұрған үйлер көп. Қазір біз соларды заңдастырып, құжаттарын әзірлеп, оларды жөндеп, елдің игілігіне беруге жұмыс істеп отырмыз. Бұл жұмыс басталып та кетті. Мысалы, Абай көшесіндегі №11 және №13 үйлердің құжаттарын алдық. Оларды қайыра жаңғыртуға рұқсат та берілді. Соған сәйкес, бұларға жасалынуы тиіс жөндеу жұмыстарының жобалық құжаттары әзірленуде. Сәті түссе, 2023-2024 жылдары бір үйді толығымен қалпына келтіреміз деген ой бар.

Бұл бағытта «Жәйрем полиметалл комбинаты» да қолдау көрсетуге ниетті. Комбинатпен арадағы меморандум бойынша кентте 60 пәтерлі екі үй салуға келісім жасалынды. Бұл үйлер негізінен комбинатта жұмыс істейтін азаматтарға, бюджеттік мекемелердің қызметкерлеріне, медицина мамандары мен жас мамандарға берілімек. Бұл жұмыстар өңірімізге жас мамандардың көптеп келуіне өз ықпалын тигізетін болады.

– Қайрат Амангелдіұлы, кентте денешынықтыру және сауықтыру кешенін салу мәселесі көтеріліп жүр еді. Оның жай-жапсары не болды?

– Иә, ондай ой бар. Бұл мәселе бірер жылдан бері көтеріліп келеді. Жуырда өңірімізге Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы келгенде де осы мәселені күн тәртібіне шығарғанбыз. Мәселені зерделей келе, аймақ басшысы маңызды нысанның құрылысы қуатты құрылымы Жәйремде орналасқан компаниямен жасалатын меморандум шарттарында қарастылатыны жөнінде мәлімдеді. Кейін осы жайтқа орай, облыстық денешынықтыру және спорт басқармасы басшысының міндетін атқарушы Саят Балмағамбетов те келді. Бұйыртыса, кешен құрылысы келер жылы басталып қалар деген үмітіміз бар. Ол кент келбетін ажарлы етумен қатар, тұрғындардың денсаулығын нығайтуға, салауатты өмір салтын орықтыруға, жастарды тұрақтандыруға да оң ықпалын тигізері сөзсіз.

– Жастарды тұрақтандыру жайлы айтып қалдыңыз. Жалпы, қазір адамдар қалаға құмар. Ауылдық жерлерден жаппай көшіп жатыр. Бұл мәселе сіз басқаратын кентте қалай өзі?

– Кешіріңіз, бұл жерде сіз қателесіп отырсыз. Керісінше, қазір ауыл-ай-

мақтағы халық саны көбейіп келеді. Мысалы, өткен жылғы санақ бойынша Жәйремдегі халықтың саны 10 мың 43 адам еді. Қазір олардың қатары 10 мың 958 адамға жетті. Кеткендерден, келгендер басым. Өсім бар. Қазір жастардың дені ауылда. Бұл, әрине, өндірістің арқасы. Өндіріс бар жерде елдің өзегі талмайды. Өндіріске қажетті мамандықтар мен кентте сұранысқа ие өзге де мамандықтар бойынша оқып келіп жатқан жастар бар. Біздің ендігі міндет – сол жастарға жағдай жасау. Олардың әлеуметтік әлеуетін көтеру. Бос уақыттарының тиімді өтуіне ықпал ету. Осы мақсатта қолдан келгенше әрекеттену үстіндеміз. Кенттің келбетін көркейтіп, жолдарды жөндеп, шағын саябақтар ашып, ойын алаңдарын жасақтап, жаңғыртып, жарықтандырып жатырмыз. Көше тренажерларын орнату – жағымды үрдіс. Біз де аулаларда осындай сауықтыру алаңдарын жасадық. Шағын болса да, футбол алаңын салып, пайдалануға бердік.

– Халық саны артқан сайын әлеуметтік нысандарға сұраныстың артуы – заңдылық. Мектеп,

дерінше қызмет көрсетуде. Әлеуметтік дүкендер де бар. Бұлардың бәрі – шағын және орта бизнестің дамытуы арқасында ашылып жатқан кәсіпкерлік нысандары.

– Ауыл жайлы әңгіме қозғалса, міндетті түрде ауызсу мәселесі қоса жүреді. Жәйрем тұрғындары таза сумен қаншалықты қамтылған?

– Ауызсу мәселесі бізді де біраз алаңдатқан. Биыл бұл мәселе оңтайлы шешімін тапты. Су құбырларын жаңғырту, халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету бағдарламасы өз нәтижесін берді. Рас, әлі де болса шешімін күткен істер бар. Жуырда өңірімізге келген облыс әкімі су мәселесімен егжей-тегжейлі танысты. Көмектесетінін де айтты. Жалпы, бұл мәселе толық шешімін табатын болады.

– Жәйрем – өндірісті өңір. Өндіріс болған соң оның қоршаған ортаға тигізер әсері болады. Кенттегі экологиялық ахуал қандай?

– Бұл бағытта атап айтатындай қауіп төніп тұрған жоқ. Бәрі экологтардың қатаң бақылауында. Біз кен қыртысын қопару жұмыстары кезінде болатын

балабақшамен қамтамасыз етілу мәселесі қандай деңгейде?

– Бұл мәселенің өткір тұрғанын жасырмаймын. Мектептеріміз бар. Ал, балабақша – біреу ғана. Кентте 188 орындық бір балабақша толық қуатында жұмыс істейді. Кезекте 70-80 бала тұр. Оларды балабақшамен қамтамасыз ету үшін біз құзырлы орындарға сұраныс жолдап отырмыз.

Мұның сыртында Оқушылар сарайы да керек. Бұл мәселені де көтердік. Қолдау табады деген ойдамыз. Оқушылар үйі болса, балалар түрлі үйірмелерге қатысып, бос уақыттарын тиімді өткізер еді...

– Жәйрем ауыл шаруашылығын, оның ішінде, мал шаруашылығын дамытуға қолайлы ма?

– Жәйрем негізінен өндіріске бейім өңір ғой. Солай бола тұрса да, мұнда ауыл шаруашылығы тәп-тәуір дамып отыр. Кент тұрғындарының қорасында жылқы да, сиыр да, қой да бар. Жаздай соның өнімін алып, қыста сыртқа жібереді. Десек те, ауыл шаруашылығын дамытуға жердің ыңғайы келмейді. Жер жоқ десек те болады. Кентке тиесілі жердің көбі кезінде бізбен іргелес жатқан Түгіскен, Ералиев ауылдарының қарамағына өтіп кеткен. Қазір жерге сұраныс – күрделі мәселе.

– Шағын және орта кәсіпкерліктің жай-күйі қандай? Қазір өңірлерде кәсіпкерлікті дамыту мақсатында индустриалды аймақтар құрылып жатыр. Бұл жайында не айта аласыз?

– Бізде бұл жоба тиімді жұмыс істеп тұр. Осы индустриалдық аймақ шеңберінде кентте «Санжар» супермаркеті тұрғындарға төмен бағамен қызмет көрсетіп, тұтынушылар сұранысын қанағаттандырып отыр. «Кәусар» сауда орталығы да халыққа қал-қа-

толқынның әсері, ауаны ластауы жайлы үнемі сынамалар сұратып отырамыз. Бұл тұрғыда белгілі шектен асып кетіп жатқан жайттар жоқ.

Рас, Батыс кенішіне жақын орналасқан, ел ауызекі тілде «Ескі Жәйрем» атап кеткен елді мекенде мұндай жағдай орын алып тұратын. Әйтсе де, кеніш қазір заманауи құрылғылар мен қондырғыларды пайдалануға көшкендіктен, қопарылыстың әсері жоқтың қасы. «Ескі Жәйрем» тұрғындарының 90 проценті осы кеніште жұмыс істейді. Өндіріс басшылары өз жұмыскерлеріне зәлал келтірмеу талабына ерекше көңіл бөледі.

– Соңғы сауал. Өңірде өндірісті дамыту бағытында қандай жұмыстар атқарылуда?

– Өндірісті өркендету – өңірді түлету. Бұл бағытта бізде үлкен жұмыстар жасалып жатыр. Қазір «Үшқатын» маргенец кенішін ашуға әзірлік жұмыстары жүруде. Мамандар кеніштегі суды сорып, құрғатумен айналысып жатыр. Ол келер жылы жұмысын бастайды деген үміттеміз. Бұл кеніш іске қосылғанда мыңнан астам жұмыс орыны ашылмақ. Қазірдің өзінде жұмыс күші тартылуда. Жұмыс бар, соны істейтін адам жоқ. Кентте жұмыссыздық дегенді ұмыттық. Керісінше, сырттан, іргелес жатқан Жаңаарқа ауданынан, Ералиев ауылынан, Қызылжар станциясынан жұмысшылар шақырып отырмыз. Бұл – кентте халық саны бұрынғыдан да артады деген сөз. «Елге ел қосылса – құт» демей ме дана қазақ. Осылайша, қанатымыз жайылып, құт-берекеміз арта түседі. Міне, 50 жылдыққа біздің таруымыз осындай.

– Өңірімізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Ізтай БЕЙСЕНБАЕВ.



К 60-летию образования города Каражал

1983 ГОД

В марте баня в поселке Ктай была передана на баланс комбинату коммунальных предприятий.

В апреле на баланс комбинату коммунальных предприятий были переданы автодороги Каражал - Карасайское рудоуправление, по улицам Спортивная, Абая, Мира, Целинная, 26 квартал, Атасуйская, Поповича, автодорога до городского кладбища; дома № 9,13 по ул. Космонавтов, дом № 5 25 квартала; городская свалка; городское кладбище; скверы по ул. Поповича, Спортивная.

Дезинфекционной станцией в мае были проведены мероприятия по борьбе с грызунами.

В июле отделом здравоохранения была организована станция скорой помощи, которая была обеспечена санитарным транспортом и рациями.

В сентябре был открыт городской детский соматический санаторий на 50 коек по улице Мира, 21.

В октябре была открыта ясельная группа в детском саду № 7 городского отдела народного образования.

В декабре в здании семейного общежития Атасуйского рудоуправления была открыта сберегательная касса второго разряда № 7841/015.

В декабре интернат при средней школе № 1 был переименован в межшкольный интернат.

15 декабря постановлением бюро городского комитета Компартии Казахстана и исполкома городского Совета народных депутатов на базе существующего городского культурного комплекса был создан городской культурно-спортивный комплекс. Цель создания КСК – объединение усилий культурно-просветительных, спортивных учреждений и предприятий для организации содержательного отдыха населения, а также более полного и рационального использования материальной базы и кадров учреждений культуры, спорта, кино, народного образования.

1984 ГОД

В поселке Жайрем был введен в эксплуатацию Дворец культуры на 540 посадочных мест со спортивным залом, библиотекой и специальными помещениями для

СТРАНИЦЫ НАШЕЙ
ИСТОРИИ

ФОТО 2 Делегаты областной партийной конференции. 1 ряд - в центре Назарбаев Н.А., слева направо 2 ряд - второй Шадикулов К., Шабалин В.М., Абсалыков А.С., шестой – Даулеткеримов А., 3 ряд - третий Кадирсизов Н.А., пятая – Старцева Г.В., 4 ряд - второй Пересыпкин А.А., Касымов Д., пятый Якупов М.А.

занятий кружков художественной самодеятельности.

В феврале был проведен Всесоюзный месячник оборонно-массовой работы, посвященный празднованию Дня Советской Армии и Военно-Морского Флота, в рамках которого были проведены военно-спортивные игры «Орленок» и «Зарница», всесоюзная неделя стрельбы, соревнование по мотокроссу и др.

В мае передвижной механизированной колонне был отведен земельный участок для строительства пятидесяти одноэтажных двух квартирных жилых домов и детского сада на 140 мест.

13 августа приказом № 220 Госпрофтехобразования Казахской ССР ГПТУ №155 было переименовано в Среднее профессиональное техническое училище №10.

4 декабря был принят в эксплуатацию детский сад «Улыбка».

В декабре на Каражалскую плодоовощную базу на переборку 550 тонн картофеля были направ-

лены работники организаций и учреждений города.

В декабре был утвержден акт государственной комиссии по приемке в эксплуатацию 56-квартирного жилого дома с магазином «Одежда» 25 квартала.

1985 ГОД

Культурно-спортивный комплекс города, центр которого находился в профсоюзном клубе «Горняк», объединял 25 библиотек, кинотеатр, 8 киноустановок, 8 спортивных залов, 25 спортивных площадок, Дворец культуры, Дом пионеров, музыкальную школу, спортивный комплекс, музей боевой и трудовой славы Атасуйского рудоуправления, 22 красных уголка.

В марте в областную портретную галерею были занесены Кобзев Борис Викторович – бригадир проходчиков шахты «Западный Каражал», Якутонис Петрас Юозович – бригадир плотников ПМК.

За высокие производственные показатели, досрочное выполнение планов и социалистических обязательств и в честь 115-й годовщины со дня рождения В.И. Ленина в апреле в городскую книгу Трудовой славы были занесены Ким Юрий Михайлович – токарь ЦЭММ Атасуйского рудоуправления, Гаврилов Алексей Степанович – водитель АТП, Мамеко Николай Михайлович – водитель автомашины БелАЗ-540 автотранспортного цеха Атасуйского рудоуправления.

В мае были введены льготы на получение продуктов питания семьям многодетных матерей (матерей-героинь), вдовам погибших и умерших инвалидов ВОВ, инва-

лидам с детства 1 и 2 группы.

К 40-летию Победы в ВОВ в кинотеатре «Молодежный» прошел утренник «Память, опаленная войной» с приглашением ветеранов войны и труда Винокуровой Н.М., Жунусова Ш.Ж., Рогановой Е.М., которые рассказали о тяжелых днях войны, своих боевых товарищах, отдавших жизнь за мир на земле. По окончании утренника была проведена викторина.

В средней школе №1 был проведен вечер «Вечная память живым и вечная память павшим», на котором присутствовали ветераны ВОВ Акбиев Р.А., Барков И.Г. На вечере прозвучали стихи Р.Рождественского «Помните», А.Суркова «Обелиски» и песни военных лет.

Состоялась встреча с ветераном Великой Отечественной войны Винокуровой Ниной Михайловной, которая никогда не сможет забыть того мгновения радости, когда в мае 1945 года по радио услышала весть о капитуляции фашистской Германии. Не сможет забыть слезы тех, кто в этот миг находился рядом. Это действительно был праздник со слезами на глазах.

До войны Нина Михайловна работала бригадиром полеводческой бригады в Оренбургской области. 23 ноября 1943 года ей вручили повестку. Отец, провожая, сказал: "Нет у тебя братьев, так ступай ты на защиту Родины". И вот она, деревенская девчонка, в длинной юбке и лаптях ушла на фронт. Попала она в 16 отдельную роту связи. После присяги была отправлена под Ленинград на ст. Бологое. Часто бывала на посту. Имея 4 класса образования, ей приходилось работать и на планшете кодировки и обслуживать зенитки. Работа связист-

ки была одна из самых тяжелых. Под огнем обстрела, под взрывами приходилось прокладывать линию связи. Но все выдержала, выстояла эта хрупкая женщина. В Каражал она приехала в 1959 году. Здесь она нашла свое место в жизни. Проработав более сорока лет в Атасуйском руднике штукатуром-маляром, в 1992 году вышла на пенсию. Вырастила 3-х сыновей, двое из которых работают на шахте.

В июне был открыт специализированный отдел букинистической книги в книжном магазине № 25.

Было завершено строительство первой очереди крупного спортивного комплекса, расположенного в центре города на территории стадиона «Горняк». В него вошли футбольное поле, легкоатлетические дорожки, площадки для прыжков и метания молота, запасное футбольное поле, два открытых плавательных бассейна, душевые, трибуны для болельщиков.

Был сдан в эксплуатацию большой спортивный зал, в котором были оборудованы специализированные помещения для бокса, классической и вольной борьбы, демонстрационный зал с игровыми площадками и трибунами для зрителей. Неподалеку построены стрелковый тир и городской шахматный клуб.

Дирекция кинотеатра «Молодежный» заключала договоры с предприятиями города, предусматривающие дальнейшее улучшение обслуживания трудящихся. Особое внимание было уделено укреплению материальной базы киносети. Киномеханики города обеспечили передвижными установками «Украина». Это позволило демонстрировать кинофильмы непосредственно в цехах, в красных уголках предприятий. Такая работа была хорошо налажена в Атасуйском рудоуправлении и Каражалском ПМК. Под руководством киномеханика В.М.Скумс, награжденной Почетной грамотой Госкино СССР, постоянно работал кино клуб технических знаний. Перед демонстрацией фильмов выступали библиотекари, передовики производства, агитаторы, политинформаторы. Средствами кино пропагандировался метод Н.Злобина и коллективный подряд в бригадах.

1 октября в городском узле связи в целях эффективного выполнения производственных заданий на основе товарищеской взаимопомощи, общей заинтересованности и ответственности за конечный результат работы была создана специализированная (комплексная) бригада по доставке периодической печати и почтовых отправлений.

С 15 октября по 15 ноября в Каражалской ЦБС проходил месячник революционной музыки и песни. В библиотеках, школах, предприятиях, общежитиях, кинотеатрах города прошли музыкальные вечера и беседы, были

Бассейн культурно-спортивного комплекса



К 60-летию образования города Каражал

прочитаны лекции о первых композиторах – авторах революционной музыки и песни, о поэтах, написавших тексты революционных гимнов и песен; проведен вечер «Мелодии великого времени».

В ноябре был реставрирован памятник В.И. Ленина.

В ноябре первым секретарем Каражалского горкома партии была назначена Артюшкина Людмила Петровна.

В декабре кафе «Пельменная» было переименовано в детское кафе «Лакомка».

1986 ГОД

В январе коллективу СПТУ №10 была присуждена победа в республиканском социалистическом соревновании по достойной встрече XXVII съезда КПСС и вручено переходящее Красное Знамя с занесением на республиканскую Доску Почета на ВДНХ КазССР.

В феврале было создано Каражалское бюро путешествий и экскурсий Джезказганского областного совета по туризму и экскурсиям, задачей которого были организация, проведение путешествий и экскурсий, привлечение к участию в них большего числа граждан различных слоев населения.

В феврале Стасевич Сергей Леонидович – водитель Карасай-

СТРАНИЦЫ НАШЕЙ ИСТОРИИ



Занятия с молодыми рабочими на шахте проводит Оспанбеков Ж.

рабочие, инженерно-технические работники и служащие города были награждены:

Орденом Октябрьской революции:

Якупов Музафар Адигамович – директор Атаусуйского рудоуправления Карагандинского металлургического комбината;

степени:

Абдрахманов Мадикен – токарь АРУ,
Кирилюк Валентина Георгиевна – электромонтер ТЭЦ,
Удачина Лариса Викторовна – газосварщица АРУ;
Медалью «За трудовую доблесть»:

вич – проходчик Каражалского треста «Казшахторудстрой», Саночкин Евгений Иванович – водитель автомобиля объединения «Степгеология»,

Ханов Владимир Степанович – машинист экскаватора АРУ.

В связи с дальнейшим совершенствованием структуры управления горными предприятиями Минчермета СССР, расположенными в Казахстане, приказом министра С.Колпакова от 21 мая №652 Атаусуйское рудоуправление Карметкомбината было переименовано в Атаусуйский ГОК, который был включен в состав Соколовско-Сарбайского производственного объединения на правах самостоятельного предприятия, с правами юридического лица.

Для улучшения культурного досуга молодежи города в июне на базе кафе «Бригантина» было открыто кафе «Молодежное».

На 1 июня Атаусуйский ГОК имел 14 цехов: объединенный карьер, шахта «Западный Каражал», железнодорожный цех, автотранспортный цех, центральные электро-механические мастерские, энергоцех, электротехническая лаборатория, кислородная станция, ремонтно-строительный цех, участок технической диспетчеризации, сантехнический

участок, жилищно-коммунальное хозяйство, подсобное сельское хозяйство, участок сетей и электроподстанций.

В августе первым секретарем Каражалского горкома партии избрали Шапошникова Владислава Евгеньевича.

13 августа был образован хозрасчетный архив по личному составу при исполкоме Каражалского городского совета народных депутатов. Первым директором архива была назначена Цой Роза Умиргазиевна.

На базе средней школы №3 работал кружок «Поиск» в составе 12 человек. Ими были восстановлены 4 боевых биографии воинов Великой Отечественной войны.

В сентябре был открыт городской шахматный клуб.

Стройбанк г.Каражал вошел в состав Промстройбанка.

В октябре председателем Каражалского городского Совета народных депутатов был избран Копеев Мухамбет Джуманазарович.

В соответствии с программой «Жилье-91» в текущем году в городе была начата застройка 26 и 27 кварталов одноэтажными домами усадебного типа, построенных предприятиями города хозяйственным способом и индивидуальными застройщиками.

За 1986 год план по добыче железной руды был выполнен на 148,5 тыс. тонн (увеличение на 3% к 1985 году), снизилась выпечка хлебобулочных изделий на 0,7%. Численность промышленно-производственного персонала составила 2 113 человек. План по производительности труда был выполнен на 116,8%. Объем капитальных вложений составил 8 993 тыс. рублей (выполнение 106%), в том числе строительно-монтажные работы – 8 135 тыс. рублей (113%). Объем розничного товарооборота составил 21 184,9 тыс. рублей при плане 21 102 тыс. рублей, оборот предприятий общественного питания – 2 057,4 тыс. рублей (100,6% к плану), план по общему объему работ и услуг населению – 100,1%.

Галина ШАПКОВА,
руководитель отдела
государственного архива
города Каражал.



Месячник оборонно-массовой работы. Слева направо: 1 ряд – Мамлеев Э.Г., Оспанбеков Ж.О.

ского рудоуправления, за спасение детей на пожаре был представлен к награждению медалью «За отвагу на пожаре».

19 апреля в коммунистическом субботнике приняло участие 9416 рабочих, служащих, учащихся и пенсионеров. Было начислено заработной платы за работу в субботнике для перечисления в фонд XII пятилетки 13 490 рублей; произведено промышленной продукции во время субботника на 48 500 рублей; выполнено подрядных работ на 17,1 тыс. рублей.

Указом Президиума Верховного Совета СССР от 29 апреля за успехи, достигнутые в выполнении заданий одиннадцатой пятилетки и социалистических обязательств,

Орденом Трудового Красного Знамени:

Кобзев Борис Викторович – бригадир участка АРУ;

Орденом Дружбы народов: Акулов Анатолий Назарович – машинист дробилки АРУ;

Орденом «Знак Почета»:

Гненной Юрий Григорьевич – начальник партии объединения «Степгеология», Кривошеева Мария Петровна – газосварщица Каражалской ТЭЦ,

Пасечник Александр Петрович – заместитель директора АРУ, Шапкова Ираида Яковлевна – машинист конвейера АРУ;

Орденом Трудовой Славы II степени:

Череменина Мария Александровна – машинист конвейера АРУ;

Орденом Трудовой Славы III

Адельбаев Ахметжан Никишевич – мастер АРУ,

Бойштыану Раиса Поликарповна – рабочая АРУ,

Дорошенко Вячеслав Степанович – начальник цеха ТЭЦ,

Мальков Виктор Павлович – бурильщик объединения «Степгеология»,

Носуленко Павел Максимович – начальник АТЦ АРУ,

Хижняков Владимир Михайлович – бурильщик объединения «Степгеология»;

Медалью «За трудовое отличие»:

Абылкасымов Тулеубай – машинист электровоза АРУ,

Быковская Раиса Ивановна – контролер ОТК АРУ,

Ефременко Антонина Гавриловна – изолировщица АРУ,

Морозов Александр Яковле-



Строительство жилья хозспособом

14 тамыз – Құрылысшы күні

Көне һәм мәртебелі мамандық

Құрылысшы мамандығын – көне мамандықтың бірі десек, әсте, қаталеспейміз. Адам баласы жер бетінде жаралғалы осы мамандықты айнымас серігі етіп келеді. Ең алғаш тау үңгірінен өзіне баспана жасаған сәттен бастап олар құрылыс саласын жетілдіре түсуде...

Оған дәлелді әлемнің жеті кереметінен көруге болады. Родос аралындағы Күн құдайы мен Англиядағы Александрия шамшырағы III ғасырда салынса, Галикаркостағы Мавсол патшаның табытханасы IV ғасырға тиесілі. Бабыл әміршісінің кіші әйеліне арнап салған аспалы бағы VI ғасырдан хабар береді. Эфестегі Артемида ғимараты – жер бетіндегі ең үлкен ғибадатхана. Ал, Олимпиядағы Зевс мүсіні мен Париждегі Эйфель мұнарасы, сондай-ақ, Мысыр пирамидалары қанша ғасыр өтсе де «мұрты шағылмай» бүгінгі күнге жетті.

Өз еліміздегі құрылыс сәулетінің заманауи



үлгісімен салынған, бірегей бітімімен дүйім елді тамсандырған «Бәйтерек» монументі де иісі қазақ үшін қастерлі.

Міне, осылардың бәрі – құрышқолды құрылысшылар еңбегінің жемісі. Тамыздың үшінші жексенбісінде елімізде осы көне мамандық иелеріне ерекше құрмет-қошемет көрсетіледі. Біз де мерейлі мереке қарсаңында әлеуметтің әлеуетін көтеретін мәртебелі мамандықтың бүгінгі мен келешегі жайлы сөз еткенді жөн көрдік.

Ел экономикасының іргетасы

Әр мамандықтың қоғамда алатын өзіндік орны, мәртебесі бар. Солардың бірі құрылысшы мамандығы екені баршаға аян. Құрылысшы – адамзат өркениетінің бастауында тұрған мамандық.

Құрылыс индустриясы – экономиканың негізгі іргетасы. Кез келген елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тікелей байланысты. Тәуелсіздік жылдарында елімізде осы саланы дамытуға барынша жағдай жасалды. Отандық құрылыс индустриясы қанат жайып, құрылыс материалдарын шығаратын өндіріс орындары көбейді. Қалаларымыз жыл сайын көркейіп, биік-биік үйлер, ғимараттар жыл өткен сайын көбейіп, бой түзеп келеді. Бұлардың бәрінде құрылысшылардың қолтаңбасы бар. «Қолжетімді баспана - 2020», «Нұрлы жер», «100 мектеп, 100 ауруха-

на» сияқты бағдармаларының іске асуы да осы мамандық иелеріне тікелей байланысты. Бұл бағдарламалар аясында елімізде тұрғын үйлер, ықшамаудандар, ауруханалар мен емханалар, мектептер мен балалар бақшасы, спорттық-сауықтыру кешендері сияқты әлеуметтік маңызы зор нысандар салынып, пайдалануға берілді.

Құрылысшылардың арқасында халық жаңа стандарттар мен заманауи дизайнға бой үйретуде. Олардың әр елді мекеннің ажарын ашып, келбетінің көркеюіне дәнекер болғаны көз сүйсінтеді. Ел экономикасының дамуына қосқан үлестері өз алдына...

Құрылыс қарқын алып келеді

Кез келген азамат елі мен жерінің көктеп-көгергенін қалайды. Бұл тұрғыда қала құрылысы мен сәулетінің орны айрықша. Себебі, елдің елдігі, келешекке деген бағдары оның құрылысынан білінбек. Осы тұрғыдан келгенде кенді өңірдің бүгінгі тыныс-тіршілігі көңілге қуаныш ұялатады.

Соңғы жылдары Қаражал қаласында бұрын-соңды болмаған іргелі құрылыс жұмыстары жүргізілгені белгілі. Қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Светлана Милиустың айтуынша, биылғы жылдың өзінде қазыналы өңірде ауқымды құрылыс жұмыстары қолға алынған.

– Жалпы, Қазақстанның қай өңірінде болсын, құрылыс – қарқынды. Ол, тіпті, кешегі пандемия кезінде де толастаған жоқ.

Мұндай үрдісті өзіміздің Қаражал-Жәйрем өңірінен де көруге болады. Өткен жылдан бері көпқабатты тұрғын үйлерді жаңғырту, жаңа әлеуметтік маңызы бар нысандар салу қолға алынды. Мысалы, Қаражал қаласындағы Тәуелсіздік көшесі, 12 мекенжайда орналасқан көпқабатты үй ұзақ жылдардан бері бос тұрған еді. Қала әкімі өткен жылы осы үйді жаңғыртып, халықтың пайдалануына беруді ұйғарды. Жалпы көлемі 1 767,81 шаршы метрді құрайтын тұрғын үй – 36 пәтерлі. Бұл – осыншама отбасы баспаналы болып, қоныс тойын тойлайды деген сөз. Қазір «Иман» ЖШС құрылысшылары үйді қайыра қалпына келтіруге кіріскен. Бүгінгі күні үй маңайындағы құлаған сылақтар мен кірпіштерден тазартылып, ғимарат жөндеуге дайындалуда. Бөлмеаралық қабырғалар құлатылып, жаңадан қаланып жатыр, – дейді құрылыс бөлімінің басшысы.

Светлана Юрьевнаның айтуынша, қалада тағы бір осындай көпқабатты үйге жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр екен. 42 пәтерлік бұл тұрғын үйді жаңғырту жұмысы 85 пайызға орын-

далған. Құрылыс жұмыстарын «Балқаш жібек жолы» ЖШС жүргізуде.

– Өңірде сондай-ақ, ауыз су және кәріз желілерін жаңғырту жұмыстары да қолға алынған. Жаңғырту жұмыстары жүріп жатқан тұрғын үйлерге заманауи үлгідегі инженерлік инфрақұрылымдар жасауды қолға алдық. Мәселен Тәуелсіздік көшесіндегі 12-үйді су, кәріз желілері жаңадан тартылуда. Ол іспен «Жана-Арка-2006» ЖШС айналысуда. Бүгінгі күні атқарылуы – 60 пайыз. Негізгі жұмыс үстіміздегі жылы аяқталуы керек, – дейді Светлана Милиус.

Бөлім басшысының айтуынша, Жәйрем кентінде де ауқымды құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Соның бірі – Жәйрем кентінің кәріз желілерін жаңғырту. Бұл жоба бойынша кенттің 42,78 шақырымдық кәріз желілері ауыстырылуы керек. Мұны «Наладочный центр Темиртау» ЖШС қолға алыпты. Дәл осындай жұмыс Қаражал қаласының Ақтай шағынауданында да жүргізілмек.

– Өңірдегі ауқымды құрылыс жұмыстары – Қаражалда салынып жатқан жабық жүзу бассейні мен бұрынғы «Горняк» стадионын жаңғырту жобасы. Қазір барлық күшті осы екі құрылыс нысанын аяқтауға жұмылдырудамыз. Жабық бассейн 2023 жылдың маусым айының соңында пайдалануға берілуі керек. Ал, «Горняк» стадионының құрылысы үстіміздегі жылдың қазан айында аяқталуға тиіс, – дейді Светлана Юрьевна.

Топтамаы әзірлеген **Ізтай БЕЙСЕНБАЕВ.**

Тұрғындар назарына!

Қазақстанда ерлер зейнетке 63 жастан шығады. 2018 жылдан бастап, әйелдердің зейнетке шығу жасы біртіндеп 6 айға ұлғая береді.

2013 жылдың 21 маусымдағы №105-V «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңының (одан әрі – Заң) 11 бабының 1 тармағына сәйкес, жасы бойынша зейнетақы төлемін тағайындау:

2001 жылғы 1 шілдеден бастап - ерлерге 63 жасқа толғанда, әйелдерге 58 жасқа толғанда жүргізіледі.

Бұл ретте әйелдерге жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау: 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60 жас 6 ай толғанда;

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61 жасқа толғанда;

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61,6 жасқа толғанда;

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62 жасқа толғанда;

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62,6 жасқа толғанда;

2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 63 жасқа толғанда жүргізіледі.

2022 жылдың қаңтарынан бастап әйелдер үшін зейнет жасы 60 жас 6 айды құрайды.

Құжаттарды рәсімдеу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына өтініш беру керек. Бұл – жергілікті жерлердегі Халыққа қызмет

көрсету орталықтары.

Өтінішті сондай-ақ, электронды үкіметтің egov.kz онлайн-порталы арқылы беруге болады. Ол үшін электронды сандық қолтаңба болу керек (ЭСК).

Зейнетақы рәсімдеуге қандай құжаттар қажет:

Жеке басын куәландыратын құжат;

Банк шотының нөмірі;

Жұмыс орнынан табысы туралы және міндетті зейнетақы жарналары туралы анықтамалары;

Еңбек кітапшасы;

Білімі туралы диплом;

Әскери билет (Қорғаныс ісі жөніндегі жергілікті басқармадан алынады);

Неке туралы куәлік (егер тегі әртүрлі болса әйелі мен балаларының құжаттары қоса беріледі);

Балалардың туу туралы куәліктері.

Егер еңбек өтілін растайтын құжат болмаса, мұрағаттық анықтамасы мен сот шешімін ұсынуға болады

Барлық сұрақтар бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының 1411 бірыңғай байланыс нөміріне қоңырау шалуға болады (Сенбі, жексенбі және мереке күндерінен басқа күндері күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін. Қоңырау шалу тегін).

Дәурен ОРАЗБЕКОВ,
Қаражал қаласы әлеуметтік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы.



Как оформить пенсию по возрасту

Казахстанцы все чаще интересуются тем, как оформить пенсию. Подробно рассказываем как это сделать.

Пенсионный возраст для мужчин в Казахстане составляет в 63 года, для женщин в 2022 году – 60 лет 6 месяцев (с 01 января 1962г.р. по 30 июня 1962г.р.). В соответствии с ст. 11 Закона РК «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» пенсионный возраст для женщин повышается ежегодно по 6 месяцев до 2027 года.

с 1 января 2022 года – по достижении 60 лет 6 месяцев;

с 1 января 2023 года – по достижении 61 года;

с 1 января 2024 года – по достижении 61,6 года;

с 1 января 2025 года – по достижении 62 лет;

с 1 января 2026 года – по достижении 62,6 лет;

с 1 января 2027 года – по достижении 63 лет.

Для оформления документов Вам необходимо подать заявление в Госкорпорацию «Правительство для граждан» – это местные ЦОНЫ. Можно подать заявку через онлайн-портал электронного правительства egov.kz. Для этого нужно иметь электронную цифровую подпись (ЭЦП).

Какие документы нужны для оформления пенсии:

документ, удостоверяющий личность;

номер банковского счёта;

справку о доходах с места работы, а для индивидуальных предпринимателей, лиц, занимающихся частной практикой, а также физических лиц, получающих доходы по договорам гражданско-правового характера, предметом которых является выполнение работ (оказание услуг) – документ о доходах, выданный органом государственных доходов.

трудовая книжка (если нет документов, подтверждающих стаж работы, можно предоставить архивную справку либо решение суда);

диплом об образовании;

военный билет (из местного управления по делам обороны);

свидетельство о браке (женщин и детей, если фамилии разные);

свидетельство о рождении детей.

По всем вопросам можно обращаться в контакт-центр госкорпорации «Правительство для граждан» по короткому номеру 1414 (ежедневно с 9.00 до 18.00 часов кроме субботы, воскресенья и праздничных дней. Звонок бесплатный).

Даурен ОРАЗБЕКОВ,
Руководитель отдела
города Каражал
по социальному обеспечению.



Хабарландыру

«Жәйрем КБК» АҚ ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес, 2022 жылы 12 қыркүйек күні, сағат 16.00-де Ұлытау облысы, Қаражал қаласы, Жәйрем кенті, Абай көшесі, 17 үй, каб. №6 (оқыту орталығы) мекенжайында Ұшқатын-1 кен орнының қоршаған ортаға әсеріне рұқсат беру үшін жобалау материалдарына сәйкес (НДВ, ПУО, ППМ, ПЭК) бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat>» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ, expertiza.upr_krg@mail.ru, SSatpayev@kazzinc.com қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat> сайтында ұсынылады, немесе осы сілтеме бойынша қатысуға болады https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlD8KqR_11TMVqFqKyTqONXbvg Идентификатор конференция: 320 844 9619 Пароль: 8dxVvkQ..

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады Мұратбаев көшесі, 18, каб. №3 және 8 71043 3-00-65, 8 777 529 4491 телефондары бойынша алуға болады.

Объявление

АО «Жайремский ГОК», в соответствии с требованиями ст. 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 16 час 00 мин. 12.09.2022 года по адресу Улытауская область, г. Каражал, п. Жайрем, Абая 17, каб. №6 (учебный центр) состоится общественные слушания в форме открытого собрания по проектным материалам для подачи на разрешение на воздействия окружающей среды для месторождения Ушкатын-1 (НДВ, ПУО, ППМ, ПЭК)

Ссылка на онлайн подключение: https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlD8KqR_11TMVqFqKyTqONXbvg Идентификатор конференции: 320 844 9619 Код доступа: 8dxVvkQ

Материалы проекта размещены на сайте: esportal.kz и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru>. Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу и номеру: _ г. Каражал, поселок Жайрем, Мұратбаева 18, каб. №3 и по телефонам 8 71043 3-00-65, 8 777 529 4491; SSatpayev@kazzinc.com.

Замечания и предложения принимаются: по ссылке esportal.kz и по адресам:

1). 100000 г. Караганда, ул. Лободы 20

Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области, эл. адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru; тел 7(7212)568-166

2) г. Каражал, поселок Жайрем, Мұратбаева 18, каб №3 и по телефонам 8 71043 3-00-65, 8 777 529 4491; SSatpayev@kazzinc.com

Еске алу

Жаңаарқа ауданы, Қарағаш ауылының тумалары, Жәйрем кентінің тұрғындары ардақты әкеміз **Өмірзақ ҚАЗАУҰЛЫ** мен аяулы анамыз **Рысбала ӘБДІҚАДЫРҚЫЗЫНЫҢ** дүниеден озғанына 1 жыл толды. Шаңырағымызға құтпен береке толтырып, ұрпағына үлгі-өнеге болған асылдарымызды сағына еске аламыз.

Асылдарымыз саналы ғұмырларында 71 жыл мағыналы ғұмыр кешті. Әкеміз анамызбен 51 жыл тату-тәтті өмір сүріп, дүниеге 7 бала әкеліп, бәріміздің жағдайымызды жасап, еңбексүйгіштікке, адалдыққа баулып, үлкен өмір жолында шыдамдылыққа, бауырмалдыққа тәрбиеледі.

Еліне сыйлы, туған-туысқа жанашыр бола білген әкеміз бен анамыз Алланың рақымына бөленіп, жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа болсын деп рухтарына тағзым ете отырып, Жәйрем кенті «Жәйрем» мешітінің асханасында 2022 жылдың 27 тамызы күні, сағат 12.00-де арнайы құран бағыштаймыз.

Сағына еске алушылар: **Балалары**

Асылдарымыздың жылына арналған ас 2022 жылдың 27 тамызы күні, сағат 12.00-де Жәйрем кенті, «Жәйрем» мешітінің асханасында берілетінін хабарлаймыз. Асқа әкеміз бен анамыздың көзі тірісінде дәмдес болған туған-туыс, құда-жекжат, көршілер, жора-жолдас, барша жамағатты шақырамыз.

к/о №61.



Еске алу

Қаражал қаласының тумалары, сүйікті де аяулы әпкелеріміз **Рымкеш және Сағдат ШҰҒАЙЫПҚЫЗДАРЫНЫҢ** (рулары – Алсай Битті) мына фәниден бақылыққа аттанғандарына 1 жыл толып отыр.

Амал не, сұм ажал алтындай апаларымыздың орындарын ойсыратып, ортамыздан алды да кетті. Өрине, сабырлы болуға қанша тырысқанмен, балалары мен бауырлары мөлдіреп көзге іркілген жасты әлі тия алмай жүр...

Марқұмдардың жандары жәннатта, жатқан жерлері жайлы болсын деп, төмендегі жүреюкарды сағынышымызды арнаймыз.

Тәңір ісі, көнбеске шара бар ма,
Жазмышқа пенде көнбей қала ала ма?
Туған-туыс, бауырың, балаң жылап,
Сұм ажалдан араша бола ала ма?
Бауыр еттен қос уыс жұлып беріп,
Қалдық құшып екеуінің орамалын!
Бір тумақ болсадағы, бірге өлмек жоқ,
Сабыр жүрек... Сабыр ет, жоқ амалың.

Сағынышпен еске алушылар: **бауырлары, күйеу балалары, балалары, немерелері.**

Марқұмдардың жылына арналған ас 2022 жылдың 20 тамызы күні, сағат 13.00-де Қаражал қаласының «Нұр» мешітінде беріледі. Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, өзімен дәмдес болған барлық жандарды қол жайып, құран бағыштауға шақырамыз.

к/о №62.



Еске алу

Жаңаарқа ауданы, Атасу бекетінің тумалары, асқар тау әкеміз Қамжан **Мүсілімұлы КӨПБАЙДЫҢ** өмірден озғанына 40 жыл, аяулы ана, мейірімді әже **Айткүл Мысықбайқызы СӘТЖАННЫҢ** бақилық болғанына 9 жыл толып отыр.

Аяулы жандардың жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа болсын дей отырып, төмендегі өлең жолдарын арнаймыз.

Жыл өтті, айлар өтті
зымыраған,
Қағазға төгеді екен
мұңын адам.
Есімде, әкем бізді
әлпештейтін,
Ақтарып отыратын
сырын анам.



Қаншама уақыт өтті содан бері,
Өткенге қайта айналып соғар ма еді.
Қанатты қарлығаштай қайтып келіп,
Өз үйім, өз ұяма қонар ма еді.

Қонбаймыз, қонбайтыным анық менің,
Санамда бәрін сақтап қалып па едім?
Ата-анам өтті өмірден қолын бұлғап,
Жаныма нұрын жағып алып менің.

Өткен күн әлі ертегі, әлі де аңыз,
Орнады оны ойласам жаныма күз.
Есейдік, елге сыйлы жасқа келдік,
Сонда да ата-ананы сағынамыз.

Қайтейін, жоққа жетер шамаң бар ма?
Ойлаймыз оны мұңға қамалғанда.
Сағыныш сарқылмайды еш уақытта,
Мәпелеп жылу берген адамдарға.

Сағына еске алушылар: **Көпбаевтар әулеті.**

Марқұмдардың рухына арналған ас Қаражал қаласының «Нұр» мешітінде тамыз айының 26 жұлдызы, сағат 12.00 беріледі. Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, сыйлас жандардың баршасын қол жайып, дұға қылуға шақырамыз.

к/о №60.

Хабарландыру

«Жәйрем КБК» АҚ ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес, 2022 жылғы 14 қыркүйек күні, сағат 11.00-де Ұлытау облысы, Қаражал қаласы, Жәйрем кенті, Абай көшесі, 17 үй, каб. №6 (оқыту орталығы) мекенжайында «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» жобасы бойынша «Жәйрем тау-кен байыту комбинаты» акционерлік қоғамына әсер етуге рұқсат беру үшін жобалау материалдары (РООС, НДВ, ПУО, ППМ, ПЭК) жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ, ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat>» сайтында танысуға болады. Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ, expertiza.upr_krg@mail.ru, SSatpayev@kazzinc.com қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat> сайтында ұсынылады, немесе осы сілтеме бойынша қатысуға болады https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlD8KqR_11TMVqFqKyTqONXbvg Идентификатор конференция: 320 844 9619 Пароль: 8dxVvkQ..

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Мұратбаев көшесі, 18, каб. №3 және 8 71043 3-00-65, 8 777 529 4491 телефондары бойынша алуға болады.

Объявление

АО «Жайремский ГОК», в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 11 час 00 мин. 14.09.2022 года по адресу Улытауская область, г. Каражал, поселок Жайрем, Абая 17, каб. №6 (учебный центр). Общественные слушания состоятся в форме открытого собрания по проектным материалам для подачи на разрешение на воздействия для Акционерное общество «Жайремский горно-обогатительный комбинат» (РООС, НДВ, ПУО, ППМ, ПЭК). Ссылка на онлайн подключение:

https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlD8KqR_11TMVqFqKyTqONXbvg Идентификатор конференции: 320 844 9619

Код доступа: 8dxVvkQ. Материалы проекта размещены на сайте: esportal.kz и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru>. Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу и номеру: _ г. Каражал, поселок Жайрем, Мұратбаева 18, каб. №3 и по телефонам 8 71043 3-00-65, 8 777 529 4491; SSatpayev@kazzinc.com.

Замечания и предложения принимаются: по ссылке esportal.kz и по адресам:

1). 100000 г. Караганда, улица Лободы 20

Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области, эл. адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru; тел 7 (7212)568-166

2) г. Каражал, поселок Жайрем, Мұратбаева 18, каб. №3 и по телефонам 8 71043 3-00-65, 8 777 529 4491; SSatpayev@kazzinc.com

ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІНІҢ ӨТУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН АУЫСТЫРУ:

ЗАМЕНА ВОДИТЕЛЬСКОГО УДОСТОВЕРЕНИЯ В СВЯЗИ С ИСТЕЧЕНИЕМ СРОКА ДЕЙСТВИЯ:

1 - Жүргізуші куәлігі
- Водительское удостоверение

2 - Жеке куәлік
- Удостоверение личности

3 - Төлем чегі
- Чек об оплате



Мәдениет ошақтарында



«АБАЙ – ДАНА, АБАЙ – ДАРА...»

С.Сейфуллин атындағы қалалық орталық кітапханада ұлы ақын Абайдың туған күніне орай, хакімнің артына қалдырған өшпес мұрасын кейінгі ұрпақтың ұлықтауы, оқырманның бойына ақыл мен парасатты, өлең құдіреті мен көркемсөздің мәйегін сіңіріп, рухани тұрғыда жетілдіре түсу мақсатында «Абай – дана, Абай – дара қазақта» тақырыбымен поэзия сағаты өткізілді.

Іс-шараға оқырмандар мен ұстаздар қауымы қатысты. Басқосуда оқырмандар ақынның «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» әндерін орындап, хакім туралы сөз қозғады, өлеңдерін оқыды.

Кеш барысында жүргізушілер тақырып аясында әзірленген тың дүниелерді ұсынып, Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылық жолындағы өлшеусіз еңбегін насихаттау мақсатында қатысушыларға жан-жақты әрі толымды ақпарат берді.

Ұлылық пен даналықты дәріптеген, өнегеге толы поэзия сағаты «Өлемге танылған – ұлы Абай» атты кітап көрмесінің таныстырылымымен жалғасын тапты.

Мөлдір ОРАЗАЛИНА,
Қаражал қалалық С.Сейфуллин атындағы кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі.



2022 жылы «Мектепке жол» республикалық акциясы балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы №780 Жарлығымен жарияланған «Балалар жылын» іске асыру шеңберінде өткізіледі.

«Мектепке жол –
Шекарасыз жақсылық»

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік танытып, олардың мектепке жолы қуанышты болуы үшін әрбір балаға шынайы қамқорлықпен назар аудара алады.

Акцияның мақсаты – аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Акцияның басталуы 2022 жылдың 1 тамызынан, аяқталуы – 2022 жылдың 30 қыркүйегінде.

Бір ай ішінде әлеуметтік қолдауға зәру балаларға барынша көмек көрсетуге және барша қаражалдықтарды қайырымдылық акциясын қолдауға шақырамыз. Өйткені, қамқорлық жасау – қайырымды қоғамның қағидасы.

Ендеше, жүректерге қуаныш сыйлайтын қамқорлық акциясынан қалыс қалмаңыздар.

**Қаражал қаласының
білім бөлімі.**



Каждый гражданин Республики Казахстан может проявить гражданскую активность в оказании адресной помощи в подготовке к школе детей из социально уязвимых слоев населения, проявить искреннюю заботу и внимание к каждому ребенку, чтобы его путь в школу был радостным.

Цель акции – оказание материальной поддержки учащимся из малообеспеченных и многодетных семей, детям-сиротам, а также детям, оставшимся без попечения родителей при

Оқырман назарына!

**«Қазыналы өңір»
газеті шығармашылық
байқау жариялайды**

Құрметті оқырман қауым!

«Қазыналы өңір» газеті 10 тамыз – Абай күніне орай, Қаражал-Жәйрем аймағының тұрғындары арасында шығармашылық байқау ұйымдастырады.

Байқау шарттары:

- «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» – Хакім Абайға, ақын Абайға арналған немесе Абай атамның жолымен адамгершілік, ар-ождан, білімге құштарлық, тағы да басқа тақырыптар аясында өлең жазу.
- «Болмасаң да ұқсап бақ, бір жақсыны көрсеніз» – халқының қамын жеп, қолынан қаламын тастамаған біртуар тұлғаның ізімен қара сөз жазу.
- «Абай және қазіргі заман» – ойтолғау, мақала, эссе жазу.

Байқауға қатысушылардың жас мөлшеріне шектеу қойылмайды, яғни, кез келген ынғалы адам (мектеп оқушыларынан бастап, қарияларға дейін) қатыса алады.

Үздік деп танылған өлең, қара сөз, ойтолғау, мақала, эссе газетте жарық көреді. Іріктелген туындылардың авторларына редакция тарапынан арнайы ұйымдастырылатын шара барысында Алғыс хат тапсырылып, кітаптар тарту етіледі.

Байқауға ұсынылатын материалдар биылғы жылғы 6 қыркүйекке дейін қабылданады.

Times new roman шрифтімен 12-өлшемде терілген туындылардың электронды нұсқасы k-onir@mail.ru электронды поштасына жолдануы керек.

Шығармалар көлемі А4 форматында 2 беттен аспауы тиіс. Байқау шарттарына сай келмейтін материалдар қарастырылмайды.

Редакцияға жолданатын дайын материалдың төменгі тұсында автордың аты-жөні, жасы, жұмыс орыны мен қызметі (мектебі мен сыныбы) және ұялы телефон номері туралы мәліметтердің жазылуы – міндетті.

Анықтама үшін байланыс телефондары: 2-61-02; 8 777 326 3148.

**«Қазыналы өңір»
газетінің редакциясы.**

«Дорога в школу –
Добро без границ»

В 2022 году республиканская акция «Дорога в школу» проводится в рамках реализации «Года ребенка», объявленного Указом Президента Республики Казахстан от 19 января 2022 года №780 в целях обеспечения защиты прав и интересов детей.

подготовке к началу учебного года и предупреждение не-
явки детей в школу по социальным причинам.

Начало акции – с 1 августа 2022 года, окончание – 30 сентября 2022 года.

В течение месяца призываем всех каражалцев оказать максимальную помощь детям, нуждающимся в социальной поддержке, и поддержать благотворительную акцию. Ведь мы знаем, что забота – это принцип благотворительного общества.

Так что, не отставайте от акции заботы, которая приносит радость сердцам.

**Отдел образования
г.Каражал.**

**Директор-Бас редактор
Ахат ҚҰРМАНСЕЙІТОВ**

**Құрылтайшысы:
жеке тұлға
Ахат ҚҰРМАНСЕЙІТОВ**

«Қазыналы өңір» газеті редакциясы
ЖШС

Қаражал қаласы, Сары Тоқа, 1
Тел: 2-61-02, k-onir@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат
және мұрағат комитетінде 2012 жылғы
22 мамыр 12759-Г куәлігімен тіркелген.

ИИН 001140000674
KZ 40601717000000329
БИК HSBKZKX АО «Halyk bank»
Код Кбе 17
Газет сенбі сайын шығады
Көлемі 2 б/т
Индекс 100700
Таралымы 1000
Тапсырыс 30

Газет «Типография Арко» ЖШС
баспаханасында басылды.
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15.
Жеке авторлар мақаласы редакция
кезқарасын білдірмейді.
Мақала нақтылығына авторлар
жауап береді.
Мақала авторларға қайтарылмайды.
Жарнаманың нақтылығына жарнама
берушілер жауапты.